

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1304 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 17 ақпандағы N 252 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 77 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.01.30. N 77 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1304 P991304_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 45, 404-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесіндегі:

1) "1. Педагог қызметкерлердің лауазымы" бөлімінде: бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Білім беру ұйымдарының барлық мамандықтар мұғалімдері"; төртінші абзац "мектеп" деген сөзден кейін ", мектеп-интернат" деген сөздермен толықтырылсын;

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі"; оныншы абзац "жетекшісі" деген сөзден кейін ", оқытушы-ұйымдастырушысы" деген сөздермен толықтырылсын;

он бірінші абзац "ғылыми жұмыстар" деген сөздерден кейін "және халықаралық байланыс, тәрбие, әлеуметтік жұмыстар" деген сөздермен толықтырылсын;

о н ү ш і н ш і а б з а ц :

"директордың" деген сөзден кейін "(бастықтың)" деген сөзбен толықтырылсын;

"оқу-тәрбие" деген сөздерден кейін ", тәрбие" деген сөзбен толықтырылсын;

2) "2. Педагог қызметкерлерге теңестірілген адамдардың лауазымы" б ө л і м і н д е :

бесінші абзац "факультеттің деканы" деген сөздерден кейін ", институттың директоры" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК